

Мұхатова О.Х.,
Тлеубекова Г.Б.

**Шет елдік тарихнамадағы
кеңестік Қазақстан тарихы
мәселелері**

Мақалада кеңестік Қазақстан тарихы мәселелерінің шет елдік тарихнамадан көрініс табуы қарастырылады. Автор батыстық және американдық тарихнамадағы кеңестік Қазақстан тарихы бойынша жарияланған еңбектерді және тұжырымдарды көрсетеді. Республикадағы кеңес өкіметінің орнатылуы, алғашқы аграрлық реформалар туралы жат елдік тарихшылардың пайымдаулары анықталады. Зерттеушілердің көзқарастарының мәнін ашатын, өлкедегі тарихи оқиғалар мен үдерістерге өзіндік баға берілген тарихнамалық деректер мен фактілер келтіріледі. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшуге мәжбүрлеудің ақылға сыйымсыздығы туралы тезисті негіздеген шет елдік тарихшылардың тарихнамалық фактілеріне шолу жасалады. Тың игеру барысындағы кемшіліктер, қателіктер, келеңсіз зардаптары, экономикадағы жағымсыз бағыттар айқындалған еңбектер атап көрсетіледі. «Мәдени революцияны жүзеге асырудағы» тарихшылардың ортақ пікірлері анықталады. Желтоқсан оқиғасына берілген баға туралы айтылады.

Түйін сөздер: кеңестік Қазақстан, тарихнама, шет елдік зерттеушілер, тұжырымдамалар, тарихнамалық деректер, тарихнамалық фактілер, кеңес өкіметінің орнатылуы, аграрлық реформалар, тың игеру, экономика, желтоқсан оқиғасы.

Mukhatova O.Kh.,
Tleubekova G.B.

**Questions of Soviet history
of Kazakhstan in foreign
historiography**

The article discusses the issues reflected in the history of the Soviet Kazakhstan foreign historiography. The author shows the published work and the conclusions of the Soviet history of Kazakhstan in the western and American historiography. Determined foreign historians opinion on the establishment of the Soviet regime, about the first agrarian reforms in the country. We give historiographical sources and facts that reveal the essence of the views of researchers, are a kind of evaluation of historical events and processes in the region. A review of the facts of the historiographical foreign historians, who substantiated the thesis of the incompatibility of the mind violent transition of nomadic and semi-nomadic households to sedentary life. It lists works that defined the shortcomings, errors, negative effects during development of virgin lands. Defines the general views of historians on the «Implementation of the Cultural Revolution.» It is said that the assessment given to the December events.

Key words: Soviet Kazakhstan, historiography, foreign researchers, concepts, historiographical sources historiographical facts, the establishment of the Soviet regime, agrarian reforms, development of virgin lands, the economy, the December events.

Мухатова О.Х.,
Тлеубекова Г.Б.

**Вопросы истории советского
Казахстана в зарубежной
историографии**

В статье рассматривается отражение вопросов истории советского Казахстана в зарубежной историографии. Автор показывает опубликованные работы и выводы по истории советского Казахстана в западной и американской историографии. Определяются мнения зарубежных историков об установлении советской власти, о первых аграрных реформах в республике. Приводятся историографические источники и факты, которые раскрывают суть взглядов исследователей, дана своеобразная оценка историческим событиям и процессам в крае. Дается обзор историографическим фактам зарубежных историков, которые обосновали тезис о несовместимости разуму насильственного перехода кочевых и полукочевых хозяйств на оседлость. Перечисляются труды, в которых определены недостатки, ошибки, негативные последствия в ходе освоения целины. Определяются общие мнения историков по «осуществлению культурной революции». Говорится об оценке, которая дана Декабрьским событиям.

Ключевые слова: советский Казахстан, историография, зарубежные исследователи, концепции, историографические источники, историографические факты, установление советской власти, аграрные реформы, освоение целины, экономика, декабрьские события.

ШЕТ ЕЛДІК ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кіріспе

Шетелдік авторларды Қазақстан мен Орталық Азияда жаңа заманда орын алған тарихи, саяси және әлеуметтік жағдай қызықтырған. Олар Кеңес Одағының, соның ішінде Қазақстанда, солардың сөзімен айтқанда ұлттық шет аймақтардағы, қазақ даласындағы оқиғалар мен үдерістерді ерекше ықыласпен зерттеуге ұмтылды. Сырт көз болғандықтан орын алған үдерістің шынайы тұстарын аша білді.

Кеңес Одағында, соның ішінде он бес республиканың бірі ретіндегі Қазақстанда социалистік қоғам құру, оны нығайту, «кемелденген социализмді өзгелерге паш ету» үдерісі үнемі шет елдік тарихшылардың назарында болды. Батыстық және американдық тарихшылар қазақ өлкесінде кеңес өкіметінің орнатылуы, большевиктік үкіметтің жүргізген саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени саладағы реформалары, ұлт және ұлтаралық қатынастар, айтулы оқиғаларды арнайы зерттеп, көптеген еңбектерді жариялады. Олар кеңестік өзгерістердің тарихын ғылыми теориялар мен тұжырымдамалар ауқымында зерделеп қана қоймай өздерінің тарихи оқиғалар мен үдерістерге өзіндік бағаларын берді. Қадап айтар бір жайт, зерттеуші-тарихшылар кеңестік тарихнамада бұрын-соңды айтылмаған шындықты сол оқиғалар мен үдерістер орын алған кезеңдерде-ақ жайып салған-ды.

Кеңес өкіметінің орнатылуы және алғашқы реформаларын зерттеу

Ұлттық шет аймақтарда, солардың қатарында қазақ даласында кеңес өкіметінің орнатылуы Ульям Чамберлиннің «Орыс революциясы», «Кеңестік Ресей», «Ресейдің темір ғасыры» атты еңбектерінен көрініс тапты. Еңбектер деректік базасының молдығымен, оқиғалардың куәгері болу арқылы шынайы көзқарастарымен ерекшеленді. Ол кеңес өкіметінің антидемократиялық сипаты мен мәнін, төңкерістік үдерістің шынайы болмысын ашып берді. Шет елдік тарихшылар қазақ елінің қазан төңкерісін және оның жеңісін қабылдауға дайын еместігі туралы тұжырымды алға тарта отырып, өлкеде кеңес өкіметінің

орнатылуы мәселелерін «пролетарлық отаршылдық» тұжырымдамасы ауқымында қарастырды. А. Парктің, С. Зеньковскийдің, Дж. Уилердің еңбектерінде «пролетарлық отаршылдық» бойынша мынадай тұжырымдарға келді: төңкерісті өзін Ресей империясының барлық ұлттарына таңған орыс большевиктерінің партиясы жасады; орыс жұмысшылары, украин шаруалары, өзбек мақташылары және қазақ малшылары арасында ешқандай келісім немесе одақ болған жоқ және болуы да мүмкін емес, өйткені бүкілресейлік үш төңкеріс бойына олар өзгеше мақсаттар көздеді; әлеуметтік негіздің болмауына қарамастан, большевиктер Арменияда дашнактер, әзірбайжанда мусаватшылар, Түркістанда Шура-ислам және Қазақстанда Алашорда деп аталатын оппозициялық саяси күштерді жаппай қырып-жою арқылы жеңіске жетті; «пролетарлық төңкеріс» деп аталатын да және Азамат соғысы кезеңдерінде қазақтар және басқа мұсылман халықтары бейғам сырттай бақылап қана отырды, өйткені олар Қазан төңкерісінің мақсатын да, міндетін де, оның «тарихи мәнін» де түсінген жоқ; өлкедегі төңкерістің әлеуметтік негізі ішкі отаршылдық элементтер, қызметкерлер, бұрынғы әскери тұтқындар болды. Ал олар үшін жергілікті тұрғындардың ұлттық мүдделері мүлде жат еді. Кейінгі жылдары «пролетарлық отаршылдық» тұжырымдамасын Э. Олуорд, А. Беннингсен, Э. Уимбуш, Т. Хэммонд, Х. Сеттон-Уотсон, Э. Каррер д'Анкос, Г. Симон, Д. Гейер, А. Каппелер өз еңбектерінде тереңдетті. Шындығында да қазан төңкерісінің де, кеңес өкіметінің қазақ өлкесіне сырттан таңылған. А. Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, қазақтар үшін мүлде түсініксіз болған төңкеріс жергілікті халық өкілдері тығыз орналасқан аймақтарда бейбіт түрде орнатылған. Төңкеріс отаршылдық сипат алған еді, ішкі серпіліс байқалды, яғни жергілікті тұрғындар оны өмірлік шындықтан қалыс қалу түрінде қабылдаған. Кавалериялық шабуыл және шаруашылық укладтағы қарым-қатынастар байырғы тұрғындарды большевиктік биліктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық шараларынан алшақтатты, мұның өзі кеңес өкіметіне қарсы оппозицияны қалыптастырды. Мұндай тұжырымды сонау 1917 жылы М. Шоқай, Г. Сафаров және т.б. ұлт зиялыларының өкілдері жасаған болатын.

Қазақстандағы алғашқы аграрлық реформалар Х. Сеттон-Уотсон, Э. Карр, Я. Матли тәрізді зерттеушілер назарын өздеріне аударды. Олар большевиктердің аграрлық саясатының қайшылықты мәнін, қоныстанушыларға

берілген шұрайлы жерлерді қазақтарға қайтарғысы келмейтінін атап өтті. В. Конолли 1921–22 жылдардағы аграрлық реформалардың басты мақсаты кеңес өкіметінің көмегімен мұсылман қоғамына әлеуметтік күйзеліс әкелу болды, ал бұл реформалар болашақтағы басқа да аграрлық өзгерістердің басталуының өзіндік нышаны ретінде қызмет етті деп санады. Қазақстанның ұжымдастру қарсаңындағы қоғамдық-саяси жағдайы М. Олкоттың еңбегінен көрініс тапты. Автордың пікірінше, большевиктік партияның көсемдері өздерінің экономикалық эксперименттерінің ауыр салдарын көре алмады, ал қазақтар болса оны дәстүрлі шаруашылық пен мәдениетке төнген қауіп деп түсінді. 1920–1930 жылдары жүргізілген алғашқы аграрлық реформалардың қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының іргесін сөгіп, әлеуметтік жағдайларын қиындатқандығына тарих куә. Жер-су, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу жергілікті халықтың мүддесіне қайшы, ауқатты топтарға соққы беру бағытында, қиратып-бүлдіру сипатын иеленгендігі отандық тарих ғылымында посткеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерде негізделді.

Қазақстандағы ірі байларды тәркілеудің қайғылы зардаптары мен дақпырты бүкіл әлемге тарады. Сондықтан да Батыстың кейбір тарихшы-зерттеушілері өз кезінде тәркілеу мәселелеріне назар аударып, арнайы зерттемесе де 1920 жылдары Кеңес Одағында жүргізілген аграрлық реформалар ауқымында өз еңбектерінде қысқаша тоқталып өтті. Мәселен, итальян тарихшысы Д. Боффа «История Советского Союза» атты көлемді зерттеуінде былай деп жазды: «Көшпелі халықтарда олар (аграрлық өзгерістер) ауылды кеңестендіру күшімен іске асырылды және мал басын қайта бөлуге бағытталды. Бұл реформалар Орталық Азияның кейбір облыстарында ғана ақырына дейін жеткізіліп, әлеуметтік жағдайда белгілі бір теңестіруге әкелді». Кеңестік тарихнамадан берік орын алған «тәркілеу нәтижесінде орта шаруа ауыл мен деревняда басты тұлғаға айналды» деген қағидаға қатысты батыстық зерттеуші мынадай көзқарас танытты: «Орта шаруаның абсолютті басымдылығы деревняда оны өз өнімін сатушыдан тұтынушыға айналдырды». Шаруа ғана тұтынушыға айналып қана қоймады, бүкіл ауыл шаруашылығы дотация арқылы күн көретін сала ретінде ондаған жылдар бойы мемлекеттің қаржысынан қомақты үлесті алып отырды. КСРО ыдырап, экономика терең дағдарысқа түскен тұста ауыл шаруашылығының шынайы жағдайы анық көрінді. Соның салдарынан ауылдар тұралап,

ахуалы нашарлаған болатын. Ауыл шаруашылығы нысандары мемлекеттік меншіктен жеке меншікке өткізілді.

Кеңестік тарих ғылымында жекелеген проблемаларды шетелдік тарихшы, зерттеушілерінің қарастыруларына байланысты олардың ой-пікірлерінің «ақ-қарасын» анықтамастан сынға алып, оларға «буржуазиялық фальсификаторлар» ретінде айдар тағу ғылыми міндеттердің бірінен саналды. Себебі коммунистік партия мен идеология «капитализм мен социализм арасындағы адамдардың ақыл-ойы үшін бітіспес күресте» әлемдік деңгейде беделін түсіріп алмас үшін өзінің саясатын әшкерелейтін әрекеттерге дер кезінде соққы беруді мақсат етті. «Буржуазиялық фальсификаторлардың» ой-тұжырымдарын сын тезінен өткізу мақсатында ғылыми зерттеулер жарияланып, диссертациялар қорғалды. Мәселен, ірі бай қожалықтарын тәркілеу мәселесіндегі «буржуазиялық бұрмалаушылардың» көзқарастары В.И. Коваль, В.И. Коршунов, В.П. Осипов зерттеулерінде көрсетіліп, сыналды. Авторлар: «Советологтар» ортасында бай шаруашылықтарын тәркілеу большевиктердің ұжымдастыруға дайындығындағы «еркін адамдардан аттау» тәрізді тұжырымдамасы кеңінен танымал болды. «Егер шаруалар мұны түсінсе, онда қарсылық тіпті күшті болған болар еді», – деп Д. Уилер ашық айтты. Басқа советолог Я. Матли партия мен үкіметтің осы шараларын «...отаршыл биліктің әрекеті» ретінде түсіндірді. Қазақстандық тарихшылар мұндай пайымдауларға қарсы өздерінің пікірлерін «...1928 ж. кеңес үкіметі іске асырған шаралары ауыл мен деревняда патриархаттық-феодалдық сарқыншақтарды жойды...», – деген «дәйекті» дәлелдермен білдірді. Сондай-ақ Гувер институтының аға ғылыми қызметкері Р. Конквестің қазақ байларын тәркілеуге байланысты пікірлері К. Есмағамбетовтың еңбегінде көрсетілді. Еңбекте былай деп жазылды: «1928 жылы 28 тамызда Бүкілодақтық Атқару Комитетінің «ұсынысы» бойынша қабылданған декретте «ауылды кеңестендіруге кедергі жасап отырған жергілікті халық арасында ірі мал иелерін тәркілеу» және байлар мен жартылай феодалдардың отбасыларын жер аудару белгіленді. Сөйтіп, осы шара нәтижесінде 696 шаруашылықтан ірі қараға шаққанда жарты млн. тұяқ тәркіленді. Қазақ қоғамына бұл да әсер етпеді». Шетелдік зерттеушілердің аталған кампания нәтижесінде 696 шаруашылықтан жарты млн. тұяқ ірі қараға шаққанда тәркіленді деген мәліметі асыра көрсетілген. Себебі барлық тәркілен-

ген қожалықтардан 150 мың бас мал (ірі қараға шаққанда) алынған.

Шет елдік тарихшылар қысқа мерзім ішінде көшпелі және жартылай көшпелі малшыларды отырықшылыққа көшуге мәжбүрлеудің ақылға сыйымсыздығы туралы тезисті негіздеді. Отырықшылыққа көшіруге байланысты орын алған қасіреттің себептерін Л. Крадер дәстүрлі қоғамның өндірістік жүйесі мен әлеуметтік құрылымын елемеумен түсіндірді. Э. Шихи, В. Конолли «дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру бағдарында жүргізгенде тиімді болар еді» деп атап өтті. А. Беннигсен, А. Парк, Р. Пайпс, М. Ривкин және т.б. кеңес өкіметінің ұлттық аймақтағы әлеуметтік-экономикалық шараларын орыстандыру саясатымен тікелей байланыстырды. Р. Хилл «Кеңес Одағы: Лениннен Горбачевке дейінгі саясат, экономика және қоғам» деген еңбегінде кеңестік биліктің отарлау саясатын жүргізгендігін ашып жазды. «Халықтардың экономикалық дамуын қамтамасыз етуде кеңес үкіметі олардың дәстүрлі мәдениетін үнемі күйретіп отырды, сол арқылы олар халықтардың мүсәпірлік өмір салтына душар болуының, олардың орыстар пайдасы үшін каналуының барлық кінәсін мойнына артты» – деу арқылы ащы шындықты меңзеді. Ақиқатында жаппай ұжымдастыру және зорлап отырықшыландырудың салдарында ауылдарда тек кедей шаруалардың қалғандығына, айтқанға көнетін, айдауға жүретін тобырдың қалыптасуы, ұрдажық солақай саясаттың зардабы алапат аштыққа ұрындырғанына тәуелсіздік жылдары жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде көз жеткізілді.

Қазақстанның өнеркәсіп және аграрлық саласы тарихын зерттеу бойынша тұжырымдар

Келесі бір аграрлық реформа – тың игеру тарихы 1990 жылдары Мәскеуде жарияланған шетелдік тарихшылар Н. Верт, Д. Боффаның зерттеулерінен көрініс тапты. Авторлардың еңбектерінде тың игеру барысындағы кемшіліктер, қателіктер, келеңсіз зардаптары айқындалды. Қазақстанға орыс және украин қонысшыларының көптеп келуі, қазақ халқының ұлттық мүддесіне нұқсан келуі, кеңестік миграцияны патша үкіметінің қоныс аудару саясатының жалғасы ретінде есептеулері жоққа шығарылады. «Көптеген буржуазиялық журналдардың қызметкері Э. Каррер д, Анкос «...тынды игеруге байланыс-

ты Қазақстан соңғы екі жылда украин, орыс қоныс аударушылары тасқынының астында қалды деп жазды. Осыдан олар қазақтардың ұлттық сезіміне нұсқан келуін және патша өкіметінің қоныс аудару саясатының тікелей жалғасын көрді» – десе, В. Конноли тыңның интернационалдық сипатын осы аудандарды славяндардың жаулап алуы ретінде, ал Колумбия университетінің профессоры М. Раэф тың игеруді қазақтардың биологиялық ассимиляция үдерісі ретінде атап, Кеңес Одағындағы ұлттардың саяси жағдайларына нұсқан келуі туралы ой түйіндеді. М. Макколи бүкілхалықтық тың көтеруді орыстардың тікелей жаулап алу актісі санап, жар салды», – деді. Зерттеуші С. Осовский тыңды «ауыл шаруашылығының анағұрлым драмалық аспекті» ретінде санады, ал М. Макколидің «тың жерлер елдегі астық өндіруге түбегейлі әсер ете алмады» деп баса көрсетті. О. Шиллер алғашқы кезде тың табысты болғанымен, бірақ «қойылған мақсатқа қол жеткізген жоқ» десе, Р. Лэрд және Д. Чеппел «жаңа жерлерді игерудің жоспарын үлкен қате ретінде қарастыру керек», – деді. Тың игерудің ауыр зардаптары ұзақ уақыттар бойы айтылмай келсе де посткеңестік кезеңде оның ащы шындығы бәрібір ашылды. Тың игеруді мақтан еткен қазақстандықтар оның көлеңкелі тұстарының бар екендігіне тағы да тәуелсіздіктің арқасында көз жеткізілді.

Батыстық зерттеушілер агроөнеркәсіптің өз ішіндегі экономикалық қатынастардың реттелмегендігін және соның салдарынан колхоз мүшелерінің еңбегімен жинақталған қордың бір бөлігі өнеркәсіпке құйылғандығын көрсетіп берді. Осының салдарынан ауыл тұрғындарын жасырын қанаудың орын алғандығы туралы жазды. Қазақстан экономикасындағы жағымсыз бағыттар М. Гольдман, М. Олкот, Д. Хоскинг, Т. Коултон және т.б. еңбектерінен көрініс тапты.

Шет елдік тарихнамада Қазақстанның экономикалық дамуы кеңес Одағының ыдырауы кезеңіне дейінгі уақыттарда «Еуропалық Ресей мен КСРО-ның шығыстағы республикаларының экономикалық мүдделері арасындағы жағдайды антагонистік сипатта қарастыратын «орталық – шет аймақ» моделінің шеңберінде; аймақтың табиғат байлықтарын орталық-отарлаушы ел пайдасы үшін тонауға, экономикалық қанауға және отарлауға қарсы наразылық білдірулері арқылы көрінген Орталық Азия мен Қазақстан халықтары ұлттық санасының өсу заңдылықтары» арасында қарастырылып келді. Қазақстанның экономикалық дамуының индустриялық сипатын теріске шығармаған М. Олкот

«тәуелсіздік алғанға дейін өнеркәсіп негізінен орыстардың бақылауында» болғандығы туралы тұжырым жасады. Республика экономикасының Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңындағы жай-күйіне тұтастай сипаттама бере келіп, батыстық зерттеушілер агоөнеркәсіптің өз ішіндегі экономикалық қатынастардың реттелмегендігіне және соның салдарынан кеңшар мүшелерінің еңбегімен жиналған қордың елеулі бөлігі өнеркәсіпке құйылғанына назар аударды. Осындай тәсілмен республиканың 60-70 пайызын қазақтар құрайтын ауылдардың жасырын қанауға түскендігі туралы жазды. Осындай тұжырымдар М. Гольдман, М. Олкот, Д. Хоскинг, Т. Коултон еңбектерінен көрініс тапты. Зерттеушілер республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеген теріс үрдістер, оның өнеркәсібіндегі құрылымдық ерекшеліктермен, халық шаруашылығының сапалық емес, сан жағынан дамыған экстенсивті сипатымен, ғылыми-техникалық прогрестің баяу қарқынмен байланысты болғандығын атап өтті. Кеңес Одағында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында дамудың экстенсивті бағыты үстемдік етіп, орасан зор қаржы жұмсалып отырды. Экономиканы интенсивті бағытта дамыту мәселесі талай рет КОКП Орталық комитетінің съездері мен конференция, пленумдарының күн тәртібіне арнайы шығарылығанымен олардың шешімдері өз нәтижелерін бермеді.

«Мәдени төңкеріс» туралы пайымдаулар

Шет елдік зерттеушілер Қазақстандағы мәдениет құрылысы тарихын алдымен «мәдени революцияның» мақсат-міндеттерін, қорытындыларын пайымдаудан бастаса, қазіргі уақытта кеңестік отаршылдық теориясының ауқымында қарастыруда. Мәселен, А. Беннигсен, А. Парк, Р. Пайпс, М. Ривкин, В. Конолли және т.б. кеңес мемлекетінің аймақтағы әлеуметтік-экономикалық шараларын орыстандыру саясатымен тікелей байланыстырды. Р. Хилл «Кеңес Одағы: Лениннен Горбачевке дейінгі саясат, экономика, және қоғам» деген еңбегінде «өзінің қоғамдық дамуында артта қалған халықтарға «білімді ақсүйектердің өз құндылықтарын тануы» олардың рухани өмірі мен экономикасының жекелеген салаларын өз қалауларынан тыс күшпен жаңартуға мәжбүр еткен отаршылдық саясаттың сөзсіз салдары» деп санады. «Халықтардың экономикалық дамуын қамтамасыз ете отырып, Кеңес үкіметі олардың дәстүрлі мәдениетін үнемі күйретіп отырады,

сол арқылы олар халықтардың мүсәпірлік өмір салтына душар болуының, олардың орыстар пайдасы үшін қаналуының барлық кінәсін мойнына артты», – деген автор пайымы кеңестік Қазақстандағы мәдениет дамуының үрдістерін бүкпесіз ашық көрсетті. Мұның өзі шет елдік тарихшылардың бұл мәселені отаршылдық, тоталитаризм, модернизация теорияларының шеңберінде қарастырғанымен түйіндеген тұжырымдарының, яғни тарихнамалық фактілерінде үндестіктің барлығын дәйектейді. Қазақ халқы жазуының бірнеше рет күштеп өзгертілгендігіне назар аудара отырып, бұл өзгерістердің салдарын ашуға ұмтылған шет елдік зерттеушілердің пікірлері де бір арнаға тоғысады. Әсіресе «кирилицаға көшу орталық Азия мен Қазақстан халықтарының рухани мәдениетіне орасан зор зиян келтірді» деген тұжырымдары ортақ. Осы көзқарастарын аша отырып, жазуды өзгертудің түпкі мақсатын былайша көрсетті: «Олар кириллицаны енгізу арқылы кеңестік көсемдер алыс мақсаттарды көздеген: аймақ халықтарын шетелдік мұсылмандардан алыстату және оларды алда болатын ассимиляцияға, орыс мәдениетіне жақындату; орыстар қашанда өздерінің аймақтағы билігіне төнетін қауіп есебінде бағалап келген – пантюркизмнің іргетасы ретінде қызмет етуге тиіс жалпы түркілік мәдениеттің тамырларынан ажырату; қазақ және басқа тілдерге араб, парсы сөздерінің орнына орыс атаулары мен терминдерінің кіруін оңайлату».

1980 жылдардың екінші жартысында оқиғалар, соның ішінде Желтоқсан оқиғасы кезінде орын алған жағдаят бойынша шет елдік зерттеушілердің болжамдарының ақиқатқа

айналғандығы олардың бұл оқиғаны шынайы зерттегендерін дәлелдейді. Шет елдіктер оқиғаның орын алуының факторларын ашуға ұмтылды. Олар оқиғаны жарылған бомбаға теңеген еді. «Алматыдағы оқиға кейін он бес республиканың басқа да қалаларындағы бас көтерулердің бастамасы болды» деген тұжырымдары Кеңес Одағындағы 1980 жылдардың соңындағы саяси жағдайды нақты көрсетіп бергендерін дәйектейді.

Қорытынды

Көріп отырғанымыздай, шет елдер тарихнамасында кеңестік Қазақстан тарихының бірқатар мәселелері көрініс тапқан. Республикада орын алған оқиғалар мен түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге тарихшы-зерттеушілер көзқарастарын білдіріп, өз кезегінде шынайы баға беріп, тұжырымдар жасаған. Зерттеулердің деректік базасында архив құжаттары болмаса да, олар бұқаралық ақпарат құралдары бойынша жинақтаған фактілерге өз болжамдарын жасап, оқиғалар мен үдерістердің ақиқатын мүмкіндігінше ашуға ұмтылған. Заманауи отандық тарих ғылымында шет елдік тарихшы-ғалымдардың пайымдаулары мен тұжырымдамалары назарға алынады. Қазақстандық ғалымдар мен тарихшылар сол деректердің, тұжырымдамалардың шынайылық дәрежесін анықтауда зерттеулер жүргізеді. Шетелдік тарихнамада зерттелген мәселелердің барлығы дерлік посткеңестік кезеңде қайта зерделеніп, тарихтың бұрмаланған тұстары қалпына келтірілуде.

Әдебиеттер

- 1 Демко Дж. (1997) Орыстардың Қазақстанды отарлауы 1896-1916. Алматы, Ғылым.
- 2 Данилов В.П. (1988) Дискуссия в западной прессе о голоде 1932-1933 гг. и демографической катастрофе в СССР. Вопросы истории. № 3. С.116-121.
- 3 Демографические процессы в СССР 20-30-е годы (современная зарубежная историография). (1991) Москва, С. 49-59.
- 4 Шокай М. (1994) Туркестан под властью Советов. Алматы, Санат.
- 5 Есмағамбетов К.Л. (1994) Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы.
- 6 Лаумулин М.Т. (1992) История Казахстана конца XIX – начала XX в. в зарубежной историографии. Известия АН РК, Серия общ.наук, №4, С.34-41.
- 7 Сужиков Б.М. (1997) Национальная идентификация и динамика этнических процессов в зарубежных центрально-азиатских исследованиях. Алма-Ата.
- 8 Несипбаева К.Р. (1999) Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии (XVIII – начало XX в.). Алма-Ата.
- 9 Муканова Р.З. (1981) Критика англо-американских буржуазных фальсификаторов по освоению целинных и залежных земель Казахстана (1954-75г.г) Дисс...к.и.н. Алма-Ата.
- 10 Конквест Р. (1990) Жатва скорби. Реестр смерти. Вопросы истории, № 4, С.83-100 (87-88).
- 11 Қазақстан тарихы. (2010) Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-т. Алматы: «Атамұра», 2010.

References

- 1 Demko J. (1997) Kazakhstan in deductione ex Rutenis 1896-1916. Almaty, Science.
- 2 Danilov VP (1988) Et in Occidente, disputatio peperit urget ad 1932-1933. Gg. et in USSR demografičeskoy vae. Historia quaestiones. M, No. 3. S.116-121.
- Demografičeskіe processus in in Fontes iuris 20-30 g, (Modern History zarwbejnaya) (1991). M., S. 49-59.
- 3 Shokay M. (1994) Turkestan sub vlastyu Soviets. Almaty, Sanat.
- 4 Esmagambetov K. (1994) Qasaqtarsheteladebyetinde. Almaty.
- 5 Laymulin M.T.(1992) De Kazakhstan in unionem in vicesimo nono, in conceptionis. zarwbejnoy istoriografii. Izvestia A. AN, obšč.nawk series, No.4, S.34-41.
- 6 Suzhikov B.M. (1997) Et identitatis nationalis étničeskіx processus motus in in Central Asian issledovanіyax aliena. Alma-Ata.
- 7 Nesіpbaeva K.R.(1999). Modern History rwsskoy ékspansіi Anglo-American Asia et kolonіzaciі (XVIII-naçaloXX.).Alma-Ata, 1999.
- 8 Mukanova Anglo-Critici medii amerіkanskіx cum impostoribus et osvoenіyу celinnіx zalejnіx Zemel Kazakhstan (1954-75g.g) Diss. ... K.і.n. Alma-Ata,1981.
- 9 Konkvest R. (1991) Jatva skorbі. Subscriptio mortem. Historia quaestiones, No. IV, S.83-100 (87-88).
- 10 Kazakhstan tarihy. (2010) Kone zamannan bugingedeyin. Bestomdyk. 4-t. Almaty «Atamyra».